

2. Давыдов В.В. Лекции по общей педагогике.: Учебное пособие для Студенов высш. Учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 176 с.
3. Ермолинская Е.А. Современное художественное образование в социокультурном контексте / Инициатива 21-века, №3, 2014. С.99-101
4. Лихачев Д.С. [http://www.library.spbu.ru/blog/?page\\_id=2343](http://www.library.spbu.ru/blog/?page_id=2343)
5. Юсов Б.П. Взаимосвязь культурогенных факторов в формировании современного художественного мышления учителя образовательной области «Искусство». Избранные труды по истории, теории и психологии художественного образования и полихудожественного воспитания детей. – М.: Компания Спутник +, 2004. – 253 с.

## «ЗАМАНАУИ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІН ӨЗГЕРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Ивышева Эльмира Қияққызы  
№28 Құсмұрын орта мектебінің  
Дене шынықтыру мұғалімі  
Құсмұрын ауылы

### *Аннотация*

*Мақалада, қазіргі заманда оқушыға сапалы білім беру үшін, мұғалімнің өзінің педагогикалық білімі, іс-тәжірибесі жоғары деңгейде болу керектігі жайлы айтылады.*

### *Аннотация*

*В данной статье говорится о том, чтобы дать учащимся качественное знание у педагога должно быть педагогический опыт на высшем уровне.*

### *Abstract*

*Relevance.Goal.This article states that the teacher must have pedagogical experience at the highest level to give Students a qualitative knowledge.*

*Түйінді сөздер: педагог, оқушы, шебер, болашақ, білімді, жаңарту.*

*Ключевые слова: педагог, ученик, мастер, будущее, образованный, обновление.*

*Keywords: a teacher, a pupil, master, future, educational, updated.*

Әрбір педагог өз жұмыс тәсілі мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты оқытудың жаңа технологияларын қолданудың қажеттілігі туындайды. Сонымен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру ісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу міндетін қояды.

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады... Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» – деп атап көрсетті. Ендеше білім беруде мұғалім білігі мен білімі мол мамандыққа дәл мұғалімге қойылғандай жоғары талаптар қойылмайды.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы

қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім:


Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;

Білімді, іскер, шебер болу керек;

Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын

Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;



Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысымен ынтымақтастық тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұласып кетеді. Мұндай жағдайда мұғалім мен оқушы арасында тұтастық пайда болады» – деп рухани-адамгершілік қай кезде орнығатынын пайымдайды.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамына әсер етуші әлеуметтік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана, басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейтінін ұмытпауымыз керек.

Ы. Алтынсарин: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырағы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер, ол – даналықты жүректен ұға білу болып табылады» – деген екен.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл

педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық – дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Елбасының қадағалап отырған әлемдік талапқа сай білім беру жүйесін қалыптастыру баршамыздың алдымызға қойылған ұлы мұрат. ХХІ ғасырдың ұстазы өз мамандығы бойынша ғана емес, жалпы ғылымдар саласы бойынша ой-өрісі кең, ұлтты менталитеті жоғары кәсіби білікті маман, қоғаммен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, кез келген жағдаяттардан шыға алатын, жауапкершілік сезімі жоғары қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Заманның жаһандануына орай білім беру ісінде де жаңа технологиялар молынан кездеседі, бірақ жаңа технологияны пайдаланып бірден нәтижеге жете қою қиын. Нәтижеге жету оқушылардың игерген білім деңгейі мен мұғалімнің біліктілігіне байланысты. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті ізденістермен жаңартып отыру әр мұғалімнің міндеті болуы тиіс. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деген еді. Ендеше бәсекеге қабілетті туған тілін, елін, жерін сүйетін, өз ойын еркін жеткізе алатын құзіретті тұлға тәрбиелеу – қазіргі заман талабы.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы. Астана, 2007
2. Назарбаев Н.А. Ғаламдық білім беру технологиясы. Қазақстанның ғылыми әлемі. Алматы, 2008. - № 6.
3. Құрманбаева М. Тұлғаны рухани- адамгершілікке тәрбиелеу //
4. Аманжолова А.А. Жеке тұлғаны адамгершілік рухани бағытта тәрбиелеу.
5. Ж .Әбиев.Педагогика.-Дарын, Алматы-2004ж.

#### **ЫБЫРАЙДЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ**

Игисенова Умыт Сандыбековна  
Мустафина Гульжан Миасовна  
Есетова Алтыншаш Карабаевна  
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері  
Мендіқара орта мектебі

#### **Аннотация**

*Қазақ тілі - Ыбырайдың ықыласпен оқитын шығармалары, Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні. Бұлар- біздің рухани кодымыз. Мерейіміз тасып, мәртебеміз өсіп тұрған сәтте де жадымыздан шығармайтын нәрсе –рухани құндылық. Арда болмысымызды сақтау; сақтай отырып жаңғырту -басты міндетіміз болуы шарт. Замана сынынан сүрінбей өтіп, озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуіміз қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани- тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сондықтан «Нұрлы жолда» нық қадам жасау үшін Ыбырай атамыздың арманын асқақтатып, оның шығармаларын зерделей оқып, оқығанымызды ықыласпен тоқи білуіміз керек.*